

Түркістан облысы Денсаулық сактау басқармасы «Кентау орталық қалалық ауруханасы» ШЖҚ МҚҚ –ны сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі

ХАТТАМА

Кентау қаласы

«21» тамыз 2024 жыл

Күн тәртібіндегі қарапатын мәселе:

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша атқарылатын іс-шаралар мен тапсырмалары.

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері

Жұмыс тобының жетекшісі

Жұмыс тобының мүшелері

Жиналыс тәрағасы ТО ДСБ ШЖҚ «Кентау орталық қалалық ауруханасы» МҚҚ-ны басшысының орынбасары О.Тульбасиев күн тәртібіндегі ішкі талдау жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін атап өтті: 28.06.2024 жылғы Кентау орталық қалалық ауруханасының сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың қорытындысына сәйкес, анықталған кемшіліктер: денсаулыққа байланысты еңбек шартын бұзу жөніндегі бұйрықтарды Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнамалық талаптарына сәйкес рәсімделмеген, мекеменің бұйрықтарындағы негіздемелерді накты қойылмаған, мекеме бұйрықтарымен қызметкерлерді толық таныстыру жұмыстарын жүргізілмеген және мекемеде зейнетке шықкан қызметкерлермен еңбек шарты талапқа сәйкес бұзылмаған. Аталған мәселелерге жеке тоқталып өте кетер болсақ, жұмыс берушінің бастамасы бойыншақызметкердің жұмысты жалғастыруына кедергі келтіретін жалғастыру мүмкіндігін болғызбайтын денсаулық жағдайының салдарынан жұмыскер атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмейтін қызметкерлермен еңбек шартын бұзған кезде, қызметкердің мүгедектік санатына жатқызылған куәлікпен қоса денсаулық жағдайын растайтын дәрігерлік консультациялық кеңестің қорытындысы қоса ұсынылуы қажет.

Сондай-ақ, аурухананың бұйрықтарын жазған кезде негізdemелерді нақтылап жазу қажет. Қызметтік хаттарда көрсетілген негізdemелердің толықтығына көніл аударып, жетіспейтін мәліметтерді сұратып толықтыру жұмыстарын жүргізу қажет. Аурухананың барлық қызметкерлері өздеріне қатысты шығарылған бұйрықтармен дер кезінде танысып, оны растану үшін қолдарын қойығызу жұмыстарын қадағалануы керек.

Одан бөлек, зейнетке шыққан қызметкерлермен еңбек шартын бұзған кезінде бұйрықта заңнама сілтемелері артық қойылған. Кодектің талаптары бойынша зейнетке толған қызметкерлермен еңбек шартын бұзған кезде 49 баптың 5-тармағы қойылмауы қажет. Өйткені бұл заңнама сілтемелері жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзған кезде қойылуы қажет етіледі деп түсіндірліді.

Жиналыс соңында жиынға қатысушылар айтылған кемшіліктерді жойып, құжаттаманы рәсімдеу кезінде мамандардың мұқият болу қажеттігі жөнінде айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылап, ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктердің алдағы уақытта қайталаңбау мақсатындағы шаралар қабылдансын.
2. Мекеме бұйрықтарының негізdemелері толық болуын қадағалау, зейнетке шыққан қызметкерлермен еңбек шартын бұзған кезде заңнама талаптарын сақталуын қадағалау, жұмыс берушінің бастамасы бойынша қызметкердің денсаулығына байланысты еңбек шартын бұзған кезде дәрігерлік консультациялық кеңестің қорытындысын алу, мекеме бұйрықтарымен қызметкерлерді толық таныстыру жұмыстарын жүргізуді қадағалау, мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында жұмыс орнында сабактар өткізу кадр бөлімінің маманы **А.Ердесоваға жүктелсін**.
3. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптарын сақталуына тұрақты түрде бақылау, қызметкерлерге аталған Заң бойынша тұрақты құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыру заңгер **Т.Иманкуловқа тапсырылсын**.

Жиналыс төрағасы:

О.Тульбасиев

Жиналыс хатшысы:

Т.Иманкулов